Мәселен, таңертеңгілік қабылдау. Ең маңызды режимдік сәт, оның маңыздылығы сонда: күнің қалай басталса, солай өтеді. Балаларды балабақшаға қабылдауда оның көңіл-күйіне, денсаулығына, жалпы жағдайына мән беріліп қабылданатыны сондықтан. Ал осы сәтте балаларды Құрманғазының «Адай», Нұрғисаның «Әлқиса» немесе өзге де төкпе күйлермен қарсы алсақ, қане! Және осы режимдік сәттің тағы бір маңызды бөлігі – таңғы жаттығу. Мәселен, мұнда да жаттығулардың жылдамдығына қарай күйлерді қойып, соның ырғағымен жасауға болады. Күнделікті пианинодан жалыққан балаларға бұл күтпеген әрі көңілді күн сыйлайтыны сөзсіз.

Балабақшадағы басты әрекет – оқу іс-әрекеті. Ол балаларға білім ғана емес, алдымен тәрбие беруді көздейді. Осы мақсатта тіл дамыту, көркем әдебиет оқу іс-әрекеттерінде домбыра, киіз

үй, түрлі ертегілер, әңгімелер, тақпақтар, отбасы, мемлекеттік рәміздер туралы тақырыптарды өткенде қазақ күйлерінің кез келген түрін пайдалануға болады. Әрине, домбыра – қазақтың басты ұлттық аспабы, дегенмен қазақ күйлері тек бұл аспапта тартылмайды.

Сондықтан балалардың қызығушылығын ояту үшін әр сабақта әр аспапта тартылған қазақ күйлерін қолданған көңілді. Мәселен, қазір қазақ күйлерін гитарамен, скрипкамен, тіпті пианиномен жеткізіп жүрген өнерпаздар жетерлік. Және ата-бабамыздан мұра боп келе жатқан қобыз, қыл қобыз, сыбызғы, жетіген аспаптарымен де күйдің элементтерін бере алған музыканттардың еңбектерін өзіңізге жинақтап алған жақсы.

Балабақшадағы балалардан нені ұнататынын сұрасаныңыз екінің бірі «Сурет салу» деп жауап береді. Әлбетте бұл жауаптың ішіне мүсіндеу, қолеңбегі, жапсыру да қосылып кетеді. Жоғарыда аталған ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде алдымен тақырыпты, сонан соң жумыстың жасалу кезеңдерін айтып, түсіндіреміз. Сонан соң міндетті түрде балалардың өзі жұмыс жасайтын сәт болады. Мұнда шығармашыл тәрбиешілер түрлі классикалық музыкаларды қойып қояды. Мұндай музыка адамға тыныштық сыйлайды әрі балалар түгілі ересектерде қолы жұмыс істеп отырғанда музыка тыңдағанды ұнатады. Осындайда қазақтың шертпе күйлерін қойып қойса, қандай керемет! Қазақтың шертпе күйлері – ырғақты, адамды тыныштандырады, толқытады, әсемдік сыйлайды. Ондай күйлерге «Көңіл толқыны», «Ақ жауын», «Салтанат», «Назқоңыр», «Қаратау шертпесі», «Шалқыма», т.б. жатады.

«Шығармашылық» білім беру саласындағы орны бөлек іс-әрекеттің бірі – музыка, яғни ән-әуез. Мұнда әндер үйретіп қана қоймай, музыкалық алғышқы түсініктер де беріледі. Сондай сәтте қазақтың күй өнеріне



көбірек тоқталып, түсіндіруге болады. Ересек, мектепалды даярлық топтарына күй ғана емес, күй аңыздарын айтып, әңгімелеп берудің өзі қаншалықты қызықты болар еді. Қазақта әр күйдің туу, дүниеге келу, тіпті кей жағдаларда оның халық арасында тартылу тарихтары да бар. Солар ес біліп қалған балаларды ерекше қызықтыратыны анық. Музыка іс-әрекетінде музыкалық-қимылды ойындар ойнатылады. Сол ойындарда қолданылатын музыкаларды қазақтың жылдам, көңілді тартылатын күйлерімен араластыруға болады. Алдағы уақытта ән-күй оқу іс-әрекеттеріне халқымыздың күйлерін енгізу керек.

Егер балабақшада жан-жақты, ізденімпаз, еңбекқор ән-күй жетекшісі, педагогы болса, ең болмағанда балаларға домбыраны ұстауды, қағыстарды тартуды, пернелерін басуды үйретіп, соңында бір оңай әнді тартқыза алатындай балалар оркестрін құра алады. Оны бірнеше балалабақшадағы мамандардың тынымсыз еңбектерінен көріп те жүрміз. Тек соның қатары көбейсе екен.

Балабақшада күннің II жартысында балалардың аз да болса бос уақыттары болады. Осындай сәттерді пайдаланып топта күй, домбыра, қобыз, сазсырнай, жетіген туралы тақпақтар, сергіту сәттері, жұмбақтар, мақал-мәтер, нақыл сөздер, ертегілер, аңыз әңгімелер айтып беруге болады. Мысалы:

Сергіту сәті:

Қолға домбыра алайық,
Құлағын күйге салайық.
Қағыстарын былайша,
Төмен-төмен, жоғары
Деп күй шертіп қояйық.

Домбыра, сенде мін бар ма?

Мінсіз болсаң, тіл бар ма?

Тілсіз деуге бола ма,
Тілден артық үн барда.

Домбыраның күші мол,
Көмейінде үн барда.

Илияс Жансүгіров

Дауысы бар, жаны жоқ,

Шертсең күйі, әні көп.

Құлағын оң бұра. (жауабы: домбыра)

Жеті ішектен жеті түрлі үн шығар,

Әуезінен жеті түрлі мұң шығар.

Ойнап кетсең, түрлі-түрлі жыр шығар,

Бұл аспап, қай аспап? (Жетіген)

Домбыра

Біз кішкене бөбектерміз,

Асыр салып ойнаймыз.

Домбыраны қолға алып,

Ән саламыз билейміз.

Домбыра, домбыра,

Екі ішекті домбыра.

Домбыра, домбыра,

Қане, қане, сыңғырла.

Қандай әсем домбырамыз,

Мақтан тұтып жүрейік.

Киелі аспап екенін біз

Бәріміз де білейік.

(Гүлдана Ерікқызы)

Бос уақыт әрі пайдалы, әрі қызықты, әрі рухани түрде өтеді. Сонымен қатар түрлі дидактикалық, музыкалық, логикалық ойындарды ойдан құрастырып ойнауға болады. Мәселен, біркүйді тыңдатып, оның қай аспапта тартылғанын тауып, ойнатуға болады. Әрі танымын арттырады, әрі көңілді болады. Және балалар топтың алды болып, қатарынан оза шабу үшін күй, аспаптар, ұлттық құндылықтар туралы оқу әрекеттеріне, режимдік сәттерге, әңгімелерге белсене қатысатын болады.

Балабақша балалары үшін үлкен деңгейдегі концерттерден кем түспейтін сәттердің бірі – ертеңгіліктер. Балалардың көпшілік алдындағы алғашқы сахнасы да сол. Ертеңгіліктерде міндетті түрде би қойылады. Ал билерді біз көбіне әлемдік музыкаарға не мерекелік тақырыптардағы әндерге қатысты қойып жатамыз. Әрине, күйге би қойылмайды деген сөз емес, бірақ ол наурыз, туелсіздік күні мерекелеріндегі ертеңгіліктермен ішектеліп жатады. Осыны әрбір



мерекеге енгiзсе, кез келген ертеңгiлiкте қазақ күйлерiне қойылған бiр би болса, қазақ күйлерi балалардың құлағында қала бередi.

Бұл – оқу-тәрбие жолында жүрген бiр адамның ғана әдiсi, оны түрлендiрiп, балаларды қызықтырып қолдана беру әр маманның кәсiби iзденiсiне байланысты. Ал бұл жұмыстардың барлығында ұрпақтың санасы рухани жаңғыра түседi.





«БАЛАПАНМЕН» МҮДДЕМІЗ БІР

Молдабек Ұлбике Өмірбекқызы

*«Алтын Орда Шұғыла-3» балабақшасы
директорының оқу тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары*

«Балапан» – Қазақстанның бірінші балалар арнасы. Эфир 3-10 жас аралығындағы кішкентай көрермендерге арналған. Телеарнаның басты ерекшелігі – қазақ тілінде эфир тарататынында. Қазір жаңа үлгідегі заманауи технологияларды игеріп, білімі мен білігі ұштасқан, жан-жақты болуға бет бұрған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Балалардың тамырына рухани нәр беріп, білім мен ғылымның шыңына шығар азамат болып ер жетуіне ықпал жасау және дені сау, ойы терең, мәдениетті, еңбек сүйгіш, іскер, шығармашыл, дарынды, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу жолында «Балапан» телеарнасы тынымсыз еңбек етуде. Бағдарламаның барлығы және мультсериалдары әр салада балаларға білім береді. Бұл дегеніңіз – мектеп жасына дейінгі және мектептің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған дайын көрнекілік деген сөз. ХХІ ғасыр – техниканың дамыған заманы, жыл өткен сайын балаларға білім беру әдістері жаңарып, тың ізденісті талап етуде. Ілім-ғылымның бастауы – балабақша, сондықтан ол – білімнің алғашқы іргетасы. Баланың болашағы оның кішкентай кезінде қалай тәрбиеленіп, қандай білім алғанына байланысты. Осы тұрғыда тәрбиешілер әр түрлі оқу қызметтерінде балаларға «Балапан» телеарнасының дайын бағдарламаларын қолдануға болады. Тарқата кетейік.

Балабақшада тәрбиешілердің ең бірінші мақсаты – алдымен баланың денсаулығын нығайту, белсенділігін арттыру, ептілікке баулу. Балабақшадағы дене шынықтыру оқу қызметінің соңғы бөлімінде міндетті түрде қимылды ойын ойнатылады. Осы тұста «Балапан» телеарнасының «Жүзден жүйрік» бағдарламасындағы түрлі белсенділікті арттыратын, шымыр да шапшаң болуға үйрететін ойындарды пайдалану сабақты қызықты етеді. Бала тәрбиесі балабақша мен отбасы тығыз байланыста жұмыс жасағанда ғана жақсы нәтиже береді. Сондықтан балабақшада ата-аналардың қатысуымен болатын түрлі іс-шаралар жүзеге асырылады. Сондай жұмыстың бірі спорттық сайыста «Жүзден жүйрік» бағдарламасының ойындарын қолдануға болады. «Алақай, балақай» бағдарламасы салауатты өмір салтын сақтауға көмектеседі. Спорттың түрлерімен таныстырады.





Тәрбиешінің екінші мақсаты – баланы қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Көп тіл білу – заман талабы. Елбасы өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі». Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. Балабақшадағы ағылшын тілі оқу қызметтерінде «Hello, Балапан», «ABC+» бағдарламысын қолдану ағылшын тілінде білім беруге көмектеседі.

Үшінші мақсат – **балалардың танымдық қабілетін арттыру.** Балабақшадағы математика оқу қызметінде «Әли мен Айя» мультсериалындағы санамақты балалардың логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастырады.

Осы санамақты балаларға мультхикаяны көріп отырып-ақ жаттатса, қандай қызықты!



Біз ботақан екеуміз
Есептеуге бекембіз.
Ақтөс келіп қосылса,
Үшеу болып кетерміз.
Бір ауылда бірге өскен,
Бар қызықты бір кешкен.
Көжек, Бота, Айя мен
Біз нешеуміз Ақтөспен?
Көжек, Бота, Айя және мен
Біз нешеуміз Ақтөспен?
Айя:
Дейсің бе біз нешеуміз?
Біз бесеуміз, бесеуміз!
Санамаққа жаттығып,
Алғыр болып өсеміз.
Біз бесеуміз, бесеуміз,
Алғыр болып өсеміз!

Ал жаратылыстану немесе қоршаған ортамен таныстыру оқу қызметтерінде «Әли мен Айя» мультхикаясының сүт өнімдері туралы тақырып қамтылған «Үй жануарлары» бөлімін балаларға төрт тұлқпен таныстыру, олардың өнімдері, адамға берер пайдасы туралы түсінік беру мақсатында пайдалануға болады. Онда сүттен айран, қатық, ірімшік және құрттың жасалынатынын, бұл өнімнің адам баласына берер пайдасы туралы толық мағлұмат берілген. Бұл телеөнім – тәрбиешілер үшін таптырмайтын ақпараттық көрнекілік. Төл туралы сөздік жұмыс жүргізуге, оларды ажырата білуге үйретеді. Қойдың төлі – қозы, сиырдың төлі – бұзау, жылқы төлі – құлын, ешкі төлі – лақ екені нақты айтылған тұсын және соңындағы үй жануарлары туралы өлеңді балалардың бос уақытында жаттатуға болады. «Көкөніс» тақырыбындағы бөлімін жаратылыстану оқу қызметінде балаларды көкөністермен таныстыру кезінде қолданған абзал. Бұл бөлімде «Бақша деген не?», «Онда нелер өседі?» деген сұрақтарға кеңірек тоқталып жауап берілген. Бақша – көкөніс өсетін жер. Көкөніс – бұл бақша өнімдері. Көкөніске: қияр, қызанақ, сәбіз, картоп, пияз және т.б жатқызуға болады. Бақшаға бару арқылы ондағы көкөністерді өлең шумақтары арқылы ерекшелігі мен пайдасын әдемі ашқан.

Қияр:

Мол дәм жияр, болсам қияр,
Көзім, шіркін, қалай қияр!
Дәруменнің бәрі – менде,
Артық емі – дәруменде.

Мұнда тек көкөністер туралы түсінік беріп қана қоймай, балаларға бақшадағы еңбек туралы айтып өтіледі.



Бала бағбанының маңызды мақсаттарының бірі – шығармашылық бағытта білім беру. Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық әрекетке қызығушылығын арттыру үшін өткізілетін сурет салу, жапсыру, жүсіндеу оқу қызметтерінде «Он саусақ» бағдарламасының тақырыптарын алып, өз тәжірибелерінде қолданса, құба-құп. Осы бағдарламадағы үрмебұршақтан «Тұлпар» каринасын жасайтын бөлімін тәжірибеге енгізген жақсы. Балалар күнделікті бір сарынды қалам мен қағаздан жалығып кетеді. Осы орайда оқу қызметтің қызықты өтуі үшін дәстүрден тыс әдістерді қолданған тиімді. Тұлпарды жасау үшін ақ және қара үрмебұршақ, қағаз, желім және ақ түсті бояу қажет. Тұлпар – жүйрік жылқы. Оны негізінен батырлар мінген. Мысалы: Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Ертарғынның Қарақасқасы, Ақансерінің Құлагері. Осындай ерек кейіпкерлерімізден бізге бейнені жасау үшін алдымен ақ түске бояп аламыз, дайын үлгідегі тұлпарды қиып аламыз да қағаз бетіне жапсырамыз. Тұлпар бетіне желім жағып, үстіне үрмебұршақты жапсырамыз. Желімді ұқыпты пайдалану қажет екенін ескерген жөн. Жылқының бейнесі дайын болған соң, қағаздың бос жерлерін ақ түсті бұршақпен безендіреміз. Міне, біздің тұлпар бейнесі бейнеленген картинамыз әзір. Бағдарламаның «Шеберхана» бөлімінде ер балаларды еңбекке баулуды көздеген қызықты тақырыптар қамтылған. Тек ер балаларға ғана емес, қыз балаларды түрлі бұйымдар жасауға үйретеді. «Еңбекке үйренемін десең, ерінбе» деген. «Балапан» телеарнасының осы бағдарламасы балаларды шығармашылыққа, еңбекке баулиды әрі балаларды өз-өзіне қызмет жасап, еңбек ете білуге бейімдейді. «Оп-оңай» бағдарламасы балаларды үй шаруасында аналарына көмектесуге үйретеді. «Ән салайық» бағдарламасын ән-әуез оқу қызметінде қолдануға болады. Мысалға «Туған жер» бөлімін алайық.

Туған жер ыстықсың сен әр адамға,
Жалғанда бар ма адамға сендей сая.
Өзіңді күндіз-түні сағынамын,

Сағыныш жүрегімде саған ғана. Бірінші әнді толық тыңдап алып, содан соң оның сөзін жаттайды. Кейін сол жаттағанын музыкалық сүйлемелдеумен ән ырғағына қосылып бірге айтады. Бағдарламада музыкаға, ән салуға үйретудің әдістері жүйелі жүргізілген.

«Ғажайыпстанға саяхат», «Данышпан қарға», «Балапан және оның достары», «Достық даңғылы» мультсериалдарын, «1000 түрлі сұрақ», «Шытырман», «Ойлан тап», «Кім болам?» бағдарламаларын көрсетіп, топта талқылап, күнделікті әрекетте қолданса, балалардың әлеуметтік әлеуеті артады, танымы кеңейеді, қоғамда өз орнын тауып, тұлға боп қалыптасуына септігін тигізеді. Осы аталған телеөнімдерді қай бағытта, қалай тәжірибеге енгізу тиімді екенін білуді, сараптап, зерделеуді әріптестерімнің кәсіби ізденісі мен шығармашылығына қалдырамын. Ал, «Балапан» арнасына «Дана бала» журналы арқылы ұрпақ тәрбиелеу дейтін ең бір биік мүддеде жұмыла жүк көтеріп, жемісті жұмыс жасауына тілектестігімді білдіремін.



**ЖАСҚА БЕРГЕН ТӘРБИЕ – ТАЛ ШЫБЫҚТЫ ИГЕНДЕЙ**

Күкеева Бақытгүл Әріпбайқызы

*Шымкент қаласы,
Асар мөлтек ауданы
Ата -ана*

Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұрпақ тәрбиесі қоғамның, заманның бағыт-бағдарымен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Әр бүлдіршін үшін балабақша ата-анасынан берілген тәлім-тәрбиені одан әрі қарай жалған, жандандыратын ұя екені сөзсіз. Бұған дәлел ретінде өз қызым Диананың тәрбиеленіп жатқан Шымкент қаласы, Асар мөлтек ауданында орналасқан №21 «Ертарғын» бөбекжай-балабақшасын айтар едім. Қызым 2 жасынан бастап осы балабақшаның І-кіші тобына қабылданды.

Балалардың біразына алғаш рет балабақшаға бару – едәуір проблема. Дайын деген баланың өзі жаңа ортаға үйрену барысында дағдарысқа ұшырайды. Өйткені ондағының барлығы оған жат дүниелер. Сондықтан ата-аналар баламен жұмысты балабақшаға алып келмес бұрын бастауы қажет. Балабақшаның тәртібімен танысып, баланың бейімделіп кетуіне қандай көмек қажеттігін тәрбиешімен бірге отырып талқылаған жөн.

Осы орайда мен қызымның ең алғаш аттаған тобы І-кіші «Шұғыла» тобының тәрбиешілері Сарманова Рахима және Дилдабекова Гулмира апайларына алғысым шексіз. Сол топта жүріп қызым түстерді ажыратып, қолының ұсақ бұлиық еттері дамып, заттарды түсіне, көлеміне қарай ажыратып, жемістердің сыртқы түрін, дәмін айыра алатын болды. Бояулармен жұмыс жасап, қағазға, құмға саусақпен сурет салуды, заттардың ұқсастығын табуды, өзінің жасына лайықты мәдени гигиеналық дағдыларды бойына сіңіріп, ІІ-кіші «Қызғалдақ» тобына өтті. Бұл топта да қызым өз деңгейінде білім мен тәрбиеге ие болды. Нақтырақ айтар болсам, мұнда дербес қимыл белсенділігі арта түсіп, таныс ертегілерін сахналауға қатыса бастады. Кейіпкерлерге жанашырлық танытатын болды. Шығармашылық саласынан әуенмен бірге би қозғалыстарының элементтерін орындап, тақпақтар айтып, ән орындауға әуестене бастады. Сонымен бірге, өз Отаны Қазақстан жайлы, оның табиғаты, жануарлары, өсімдіктері жайлы түсінік алып, өз отбасы мен отбасы мүшелері жайлы, олардың әрекеттерін айтуды үйренді. Маусымдық өзгерістерге мән беріп, табиғатты қорғау қажеттігін ұғынатын болды.

Жас ерекшелігіне қарай қызым 4 жасқа толғанда ортаңғы «Қыран» тобына ауысты. Ондағы Турганова Назима, Кукеева Зубайра апайларының да еңбегі орасан зор болды. Мұнда сандарды санауды, геометриялық пішіндерді, уақытты бағдарлауды, көліктер, жолда жүру ережелерін, заттық сурет салу, түрлі заттарды мүсіндеуді, ересектердің еңбегіне қызығушылық



танытуды, өз Отанын сүю, құрметтеу дағдыларын бойына сіңіріп, 5 жасында «Ақ желкен» ересектер тобына өтті. Бұл топта да өзінің жасына сай тәрбие мен біліммен сусындады. Атап айтар болсам, адамның дене құрылысы мен маңызды мүшелері жайлы, дұрыс тамақтану, азық-түліктерді қолдану тәсілдерін, өзін қауіпсіз ұстаудың қарапайым ережелерін, мәдени гигиеналық шараларды дұрыс орындауды, жеке бас тазалығын сақтауды, өз-өзіне қызмет етуді үйренді. Сонымен қатар, дыбыстар мен әріптерді, сөздерге дыбыстық талдау жасауды, қоршаған орта туралы түсінікке ие болды. Естіген оқиганы бірізді әңгімелеуді, өлеңді жатқа, мәнерлеп айта білуді, өз Отанының рәміздерін, Қазақстан Республикасының президентін, оныңхалыққақызметететіндігін, жақсыменжаман әрекеттерді ажыратуды, қоғамдық орындарда қабылданған ережелерді сақтауды үйренді. Әсіресе шығармашылық саласына көбірек қызығушылық танытып, көптеген әндер орындап, би билеп, түрлі сахналарда өз өнерін көрсететін дәрежеге жетті. Соның бір дәлелі ретінде Шымкент қаласында 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты қалалық мәнерлеп оқу байқауына қатысып, I орынды жеңіп алды. Қызымның осы деңгейге көтерілуіне үлес қосқан «Ақ желкен» тобының тәрбиешілері Аширханова Мейрамкул және Таибулатова Гулбануға өз ризашылығымды білдіремін.

Қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл-қыздардаң дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі – ең жоғары тілек, ең биік мақсат. Осы мақсатқа жету жолында аянбай еңбек етіп жүрген №21 «Ертарғын» бөбекжай-балабақша ұжымына еңбектеріңіз жемісті болсын, тәрбиелеп отырған бүлдіршіндеріңіз үміттеріңізді ақтай берсін демекпін.



ОПЫТ РАБОТЫ ПО ВНЕДРЕНИЮ И ОБУЧЕНИЮ ИГРЫ В ШАШКИ

Баранникова Александра Ивановна

воспитатель высшей категории

КГКП ясли сад № 4 «Березка»

г. Экибастуз, Павлодарская область

В нашем детском саду № 4 «Березка», в группе «Радость», города Экибастуза, шашки по праву признана одной из самых интересных интеллектуальных игр. Поэтому, прежде всего, *она стимулирует мыслительную деятельность детей, способствует их логическому мышлению, развивает пространственное воображение, память и внимание*, что очень важно для подготовки к школе. Дети в дошкольном возрасте по своей природе очень подвижны и активны. Им трудно сосредоточить свое внимание на продолжительное время, то эта волшебная игра ненавязчиво формирует у них такое качество, как усидчивость.

А также эта игра воспитывает в детях такие немаловажные для их будущей жизни качества, как умение самостоятельно думать и нести ответственность за принятое решение, адекватно относиться к неудачам и поражениям. Более того, работа в нашей группе предусматривает совместную деятельность детей, что совершенствует навыки общения, воспитывает доброжелательное отношение детей друг к другу, тем самым создавая благоприятный эмоциональный фон в группе.

Главной целью считаю создание условий в группе для интеллектуального развития детей дошкольного возраста и обучению дошкольников принципам шашечной игры, воспитанию у них интереса и любви к этой игре.

Так же были сформированы задачи для реализации обучения игры в шашки с ребятами. Первое это активизация мыслительной деятельности, тренировка логического мышления и памяти, наблюдательности, находчивости и смекалки.

Необходимо развивать чувство ответственности и умение разрешать проблемные ситуации.

Для детей шашки – это хорошая возможность для развития в ребенке разнообразных качеств, таких как – воспитание уверенности в своих силах, настойчивости, умению достойно выигрывать и проигрывать с достоинством.

Совместно с родителями приобрели шашечные доски, шашки, листы с изображением шашечного поля, цветные карандаши.

Спросите, почему мы решили обучать детей играть в шашки? Дети не умеют играть в шашки, да и у родителей, как выяснилось, поверхностный интерес к шашечной игре. Поверхностный интерес родителей к шашечной игре и неумение детей играть в данную настольную игру.

Проинформировали родителей о пользе шашечной игры, о её значимости в воспитании и развитии детей обучающими задачами, способами подачи детям. На что получили положительный ответ и понимание.



Наметили **этапы проекта** и его выполнение.

Первоначально сделали следующее, ознакомили детей с историей шашечной игры, его видами. Обучили детей играть в **шашки** и ознакомили с правилами игры.

Также активно использовали в совместной деятельности настольных игр и игр на логическое мышление в утренние и вечерние часы пребывания ребят в детском саду.

С отдельными детьми, которым не сразу далась игра в шашки, проводили индивидуальные игры, парные игры детей.

В процессе работы организовали встречу с тренером по играм шахматы и шашки. Детям эта идея очень понравилась, и пассивные дети включились в игру. В группе провели турнир – развлечение «В гости в шашечной Королеве».

В процессе работы провели мини-турнир «**Цветные шашки**» с воспитанниками другой старшей группы детского сада.

Работа с родителями

Организовали фотовыставку для родителей «Играя – учимся, играя – познаём!», где можно увидеть в какие настольно – дидактические игры играют их дети в группе.

Поместили информацию в папке - передвижке с описанием истории шашечной игры, его видов, правил игры, для того, что бы заинтересовать большую часть родителей, что бы эта игра в шашки, была семейной игрой.

По предложению родителей была организована консультация: «Как научить ребёнка играть в шашечную игру и её роль в развитии детей!», с целью заинтересовать и совместно с ребёнком поиграть в настольную игру.

В мае провели анкетирование на тему «**Роль игры в шашки в вашей семье**».

На родительском собрании подвели итог работы по внедрению игры в шашки в нашей группе. Родители и дети познакомились с историей игры в шашки и их видов.

Изменился взгляд родителей на обучение детей шашечной игре в дошкольном возрасте. Возросло интерес и желание родителей к совместной игре со своими детьми.

Дети в конце проекта стали с большим интересом, с успехом и чаще играть настольные игры.

80% детей группы овладели шашечной игрой.





ДӘСТҮРДЕН ТЫС СУРЕТ САЛУ ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Жалғасова Гулзира

*«Балдырған» бөбекжайының әдіскері
Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы*

Көкіректе сәулесі жоқтың, көңілде
сенімі жоқ, өнерсіз өмірден тез суынар.
Абай

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығына, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Қазіргі таңда жан-жақты, белсенді, ақылды, ой -өрісі жетік баланы шығармашылыққа деген қабілетін қалыптастыру арқылы жаңашыл, отансүйгіш етіп тәрбиелеу қажет. Баланы балабақшадан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Сонда ғана балабақшадан өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар қалыптасады. Сондықтан шығармашыл баланы тәрбиелеу – тәрбиеші үшін үлкен жауапкершілік.

Осы орайда, мектепке дейінгі кезеңінде шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс түрлері өз ықпалын тигізеді. Бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс түрлері – көркемдік шығармашыл әрекетінің негізі және оның дамуы. Мен өз тәжірибемде балаларды көркем өнерге баулуда дәстүрден тыс әдіс-тәсілдермен бірге бейнелеу құралдарының да көптеген түрлерін пайдаланамын.

Балалардың бейнелеу шығармашылығы – қызықты бейнелер мен ашық бояулар әлемі. Олар өздерінің ғажайып қиялымен, ерекшелігімен ересектерді талай таңғалдырған. Сәбилер суретті ерекше ықыласпен және жиі салады. Оларды айналадағы қоршаған дүние әлемі өз қызығымен еліктіріп әкетеді. Балалардың сурет салу әдісін меңгеруі олардың қабілеті дамуынан көрінеді.

Осы мақсатта бірнеше міндеттерді айқындадым:

1. Балаларды бейнелеуде әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерімен таныстыру;

2. Бейнелеу арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;

3. Балаларда бейнелеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру;

4. Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерін пайдалана отырып, өзіндік қайталанбас бейне жасауға үйрету.

Дұрыс техникалық дағды бала бойында әр оқу іс-әрекеті сайын қалыптасып отырады. Балалар сурет салу тәсілдерін ауызша түсіндіргеннен емес, өздері тәжірибе жасаудан үйренеді. Біздің балабақшада сурет салу үшін көптеген құралдарды қолданамыз:



түрлі-түсті және кара қарындаштар, акварель және гуашь бояулар, балауыз борлар, ермексаз т.б. Балаларды бейнелеу оқу іс-әрекетінде осы құралдарды пайдалана отырып, қызығушылықтарын арттырамын. Олар қарапайым кара қарындаштың өзін заттың мазмұнын беру үшін әртүрлі басу арқылы ғажап суреттер сала алады.

Балалар сурет салу құралдарын игергеннен кейін, оларды саналы түрде материал таңдауға әкелеміз. Бұл жердегі маңыздысы баланың өзіне қажет құралды дербес таңдап алу қабілеті. Оқу іс-әрекетінің соңында бала өз еңбегін көргенде бейнені шешудің әр түрлері тәсілдерін көреді. Сонда ғана оның келесі жолы бояу таңдауда шешімі өзгеруі мүмкін. Бұл оның шығармашылығының дамуына мүмкіндік береді. Техникалық дағды мен тәсілдерді қолдана отырып, қоршаған ортаны өз ойларымен бейнелей алса, ең маңыздысы сол.

Соңғы жылдардағы тәжірибемде алдыма қойған мақсатыма жету үшін төмендегі әдіс-тәсілдерді қолданып келемін:

1. Табиғи заттармен сурет салу (кепкен жапырақты бояп алып, қағаз бетіне бастыру әдісімен, ашық оқу іс-әрекетінде балалар «Тауыс» құсын бейнеледі).

2. Сиқырлы жіп тәсілі: жіптің көмегімен қыс мезгілінде, балалар жіпті көк түске бояп ақ қағазға күміс қырауды бейнеледі.

3. Манка жармасын пайдалану арқылы балалар ұжымдық «Ерте көктем» пейзажын бейнеледі.

4. Түрлі түске боялған тұзбен балаларды екі топқа бөліп, ұжымдық тапсырма берілді. Бірінші топ «Шыршаны безендіру», екінші топ шыны құмыраның ішіне түрлі түсті тұздарды толтыра отырып, көңілді жолақтар бейнеледі;

5. Саусақпен, алақанмен сурет салу әдісін қолдана отырып, балалар «Өрқашан күн сөнбесін» тақырыбында аудандық балалар күніне арналған мерекелік шараға ұжымдық жұмыс шығарды.

6. Балауыз қарындашпен сурет салу әдісі де балаларды бейнеу әлеміне онан сайын қызықтырып, жалықтырмай шығармашылықпен айналысуға көп септігін тигізді.

7. Жаңа техника граттажды пайдаланып балалар «Қысқы орман», «Түнгі ертегілер», «Саябаққа серуен» тақырыптарына суреттер салды.

8. Сонымен бірге дымқыл қағазға сурет салу әдісі де өте қызық. Бұл әдіс ортаңғы тобындағы балалармен жұмыс жүргізуде пайдаланылады. Гуашьпен бояғаннан акварельмен бояу күрделірек, бірақ қызық. Акварельмен тек ақ параққа сурет салуға болады. Бояуға су көбірек араластырылса бояу түсі қанық бола түседі. Әсіресе балаларға тымық және желді күнгі теңізді салу өте ұнайды.

9. Поролон бастыру әдісі: бояу сіңген штемпелге батырып, бейнелі қағаз бетіне бастыру әдісін қолданып «Күзгі ағаштар» тақырыбында балалар сурет салды.

10. Шашырату әдісімен бала қылқаламмен бояуды алып, қағаз бетіне тіс шұқығыш арқылы шашыратады.

11. Сабын көпіршіктерімен сурет салу әдісі: құтыдағы суға гуашьты тамызып, түтікше арқылы қағаз бетіне үпіріп, көпіршіктерден балалар «түрлі түсті» шарлар сурет салды.

12. Ылғалданған қағаз сүрткіштер арқылы сурет салу әдісі: ыдысқа қағазды уақтап жыртып, оған аз ғана су құйып



жұмсартамыз. Алақан арасына салып қысып суынан арылтамыз. Белгілі мөлшерде желім құямыз яғни қоюланғанша. Содан соң салған суретіміздің үстіне (файл)қойып, сызықтың үстіне дайын болған құралымызды жағамыз. Дайын суретті кептіріп гуашь немесе акварель бояуын пайдаланып қылқаламмен бояу арқылы «Кірпі», «Аю» суреттерін салды.

Балалардың даму деңгейін бақылау үшін балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тұрақты түрде диагностикалық зерттеу жүргіземін. Балалардың оқу іс-әрекет барысында тақырыпты қабылдау оны жүзеге асыра білу қабілеті әртүрлі болып келеді. Көбінесе үлгерімі жақсы балалар тақырыпты түсініп, іс жүзінде қолданса, кейбір балалар тәрбиеші көмегін аса қажет етеді. Міне осындай деңгейді анықтау үшін балалар білімін зерттеу үшін бірінші жарты жылдықта және жылдық қорытынды бойынша мониторинг жүргіздім.

Оқу жылының басында жүргізілген бақылау кесіндісіндегі балалар көрсеткіштері: Жоғары – 40%; Жақсы – 28%; Орташа – 12%.

Оқу жылының 1-ші жарты жылдығында жүргізілген бақылау кесіндісіндегі балалар көрсеткіштері: Жоғары – 55%; Жақсы – 36%; Орташа – 24%

Қорытынды

Балабақшада бейнелеу өнері – балалар шығармашылығын дамытуда оқып-үйретудің сан алуан әдістері жинақталған негізгі іс-әрекеттердің бірі. Себебі осы әрекет арқылы бала өмір құбылыстарын көркемдік тұрғысынан қабылдауға дағдыланады, эстетикалық талғамы қалыптасады. Бала әрдайым табиғаттағы, заттық дүниедегі, өнердегі әсемдікке, адамдардың мейірбан сезіміне үн қосады. Мұның өзіне сәбидің басынан кешкен қуанышының, талпынысының, толғанысының маңызы зор деп білеміз.

Нәтижесінде:

1. Балада көркем өнер туралы білім қалыптасады;
2. Шығармашылығы дамиды;
3. Авторлық бағытта бейнелей біледі;
4. Отбасы және балабақша ынтымақтастығы орнайды;
5. Балалардың іскерлік қабілеті дамып, эстетикалық талғамы артады;
6. Сурет іс-әрекеті арқылы бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншілігі оянады.



«ЭКСПО – 2017» БІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік әрекетінің ең үздік экологиялық жобасы



«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының 2017 жылғы жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың шілде айында ЭКСПО–2017 Халықаралық көрмесі аясында «Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік әрекетінің ең үздік экологиялық жобасы» өңірлік көрме-тұсаукесері (бұдан әрі – Көрме) ұйымдастырылып өткізілді.




Көрменің басты мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік әрекеті арқылы экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру.





ЭКСПО – 2017 Халықаралық көрмесі аясында өткізілген «Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік әрекетінің ең үздік экологиялық жобасы» көрмесі республиканың мектепке дейінгі ұйымдарындағы балалардың зерттеушілік әрекетінің шығармашылық жоғары деңгейін көрсетті.



Бұл Көрме мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұн жағдайында зерттеушілік әрекетін жүргізу арқылы экологиялық мәдениет негізін қалыптастыруға, мектепке дейінгі ұйым педагогтарына балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруда кешенді жұмыс жүргізуге мүмкіндік берді.



Аты жөні: Орынғали Ерасыл Арманұлы
Туған жері: Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Құрық ауылы

Жұлдызы: Бикеш

Хоббиі: сурет салу, бассейнге шомылу, футбол ойнау

Мінезі: ашық, елгезек, қамқор. Үлкенді сыйлап кішіге қамқор бола білетін ізетті жан

Білім ұясы: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы МКҚК «Болашақ» балабақшасы

Жетістігі: «Дорога к звездам» Ғарышкер күніне арналған I Халықаралық балалар суреті және қолөнер байқауының I орын иегері



Аты жөні: Эмилия Сулейменова

Туған жері: Өскемен қаласы


Жұлдызы: егіздер

Хоббиі: спорт

Мінезі: сабырлы, ұстамды, табанды, қайсар, сенімді

Білім ұясы: Өскемен қаласы әкімдігінің «№ 12 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Жетістігі: таэквондодан Қазақстан Республикасының чемпионы





Аты жөні: Биржанова Әсел
Туған жері: Қостанай облысы Әуликөл ауданы
Жұлдызы: таразы
Хоббиі: сурет салу, қуыршақтарға киім тігу
Мінезі: биязы, салмақты, мейірімді, көңілді, тәртіпті, ұқыпты
Білім ұясы: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, №28 Құсмұрын орта мектебі

Жетістігі: «Тәуелсіз Қазақстан балалар көзімен» атты республикалық суреттер сайысының жүлдегері



Аты жөні: Бікірбай Жарас Төресайұлы
Туған жері: Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Жармыш ауданы
Жұлдызы: арыстан
Хоббиі: сәнді киіну, билеу
Мінезі: ашық, ойындағысын тік айтатын сенімді
Білім ұясы: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Жармыш селосының МКҚК «Еркетай» балабақшасы

Жетістігі: 2017 жылдың «Жігіт сұлтаны», Республикалық «Қош келдің, Наурыз!» байқауының Бас жүлде иегері



**ЖАСҚАНШАҚТЫҚТЫ ҚАЛАЙ ЖЕҢДІК?***Асипова Индира*

Қазақ «Бала – бауыр етім» деп, өскелең ұрпақтың өр рухты, жаны пәк, таза болғанын армандаған. Бала бойындағы атаның қанымен, ананың сүтімен сіңген ізгі қасиеттерді одан әрі дамытатын орта – ең алдымен отбасы, онан кейін әрине балабақша, мектеп, тұтас қоғам.

Бала тұлғасын қалыптастыруда орны ерек орта саналатын біздің, яғни балабақшаның алға қойып отырған мақсаты: «Жас ұрпаққа білім беру, белсенділіктерін арттыру, қоршаған ортаға бейімдеу, тәрбиеленушілердің таным қабілеттерін, өнер-білімге деген қызығушылықтарын дамыту, балаларға патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру, өз ой-пікірін білдіре алатын бала тәрбиелеу.

Көптеген жылдар бойы аналық жүрек жылуын, білім-білігін балаларды өмірге тәрбиелеу жолында еңбек етуге арнап келе жатқан Сара Алпысқызының авторлығымен еңгізілген «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының маңызы өте зор, сырлы әлемге толы дүние.

«Өзін-өзі тану» бағдарламасының негізгі мақсаты – адамның қоршаған ортаны біліп, өзінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, өзін-өзі басқару негізінде рухани-адамгершілік әлеуетті көтеру. Сол себепті қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе тұлғаны адамгершілік-рухани тұрғыдан дамыту, ар-ұятын молайтып, адамгершілік қасиеттерін жетілдіру арқылы ізгілікке, инабаттылыққа, парасаттылыққа үйрету. Осы бағдарламаға сүйене отырып жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілігі мол, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиелей аламыз.

Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады.

Осы мақсаттарымызға жету үшін ата-ана мен тәрбиешілер бірлесе, ақылдасып, жұмысты жүйелі жүргізу қажет. Біздің шағын орталықта 3-4 жастағы балалар тәрбиеленеді. Жас ерекшеліктеріне қарай қоршаған ортаға бейімделеді. Мен жұмыс барысында оқу әрекеттерінен бөлек төрт жастағы Еларыс, Елиза, Шарапат атты үш баланы нысанама алдым. Осы үш баланы жыл көлемінде бақыладым. Бұл балалардың көзіме түскен себебі: олар жыл басында көпшілік ортаға барғанда өздерін еркін сезіне алмады, «Күз мереке, Күз береке» атты ашық сынып сағаты өтті. Бұл сабаққа сырттан мұғалімдер қатысты. Балалар өздерінің білгендерін, ойларын, жаттаған өлең жолдарын еркін, ортаға салып айта алмады. Жасқанып тәрбиешіге, ана-аналарына көп қарайлап тұрып қалды.

Жалпы, **жасқанишақтық** – көп балалардың бойында кездесетін кедергі. Әсіресе, ұяң, момын, әр нәрседен тиым қабылдап дағдыланған қазақ балаларында жиі ұшырасады. Ал, бұл – бой емес, ой жарыстыратын, мәдениет пен өркениет дамыған дәл осы ХХІ ғасырдың балалары үшін көңіл аударуға тұрарлық кедерді. Неге десеңіз, мейлі технология, техника, агроөндіріс, жеңіл өнеркәсіп саласы болсын, ол өз жобасын, өз жаңалығын, өз еңбегін қоғам алдында, көпшілік ортада, түрлі мінберде қорғап шығуы керек. «Ой жарыстыратын» заман дедік, сол ойдың өзін де жеткізу үшін жасқанишақтықтан ада болу қажет. Міне, осы



қажеттіліктен нақты әрі мақсатты әрекетке көшітік.

Тәжірибелі әрі білікті педагог жан-жақты сараланып, енгізілген кез келген бағдарламаның мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда қатып қалған жоспармен шектеліп қалмайды. Жоспардан, бекітілген күн тәртібінен тыс әрекеттерде де қолға алуды қалыс қалдырмайды. Жоғарыда сөз еткен кедергілерді жою мақсатында мен де «Өзін-өзі тану бағдарламасын негізге ала отырып, балаларды көпшілік ортаға жиі шығаруды ұйғардым. Балалармен бірге мектепке саяхат ұйымдастырдым.



Алғаш мектеп табалдырығын аттағанда балалар таңырқап, мұғалімдермен де, оқушылармен де амандаспай абдырап қалды. Бірінші күнгі саяхатты балалардың қалауынша спорт залға бардық. Онда екінші сынып оқушылары үзілісте ойнап жүр екен. Оқушылар бүлдіршіндерді ойнатуға ертіп алды. Балалар өздерін еркін сезініп, оқушылармен ойнап кетті. Ойын залынан шықанда көңіл-күйлері өте көтеріңкі болды. Бір-бірімен алған әсерлерімен бөлісіп жатты. Келесі күні мектепке барғанымызда тәрбиеленушілер кезіктірген мұғалімдермен сәлемдесіп, кешегі бірге ойнаған оқушылармен амандасып, ойнап жатты.

Бір күні балаларды мектеп кітапханасына алып бардым. Кітапханашы балаларды құшақ жая қарсы алды. Балалар көптеген керекті кітаптарды қарап, кітапханашы қызықты ертегі оқып берді. Балалар ұйып тыңдады, артынша ертегіні өзара талқылап жатты. Шағын орталыққа барғаннан кейін де кітапханада алған әсерлерін жасырмай, бір-бірлерімен бөлісіп отырды.



Мектептің акт залында даярлық сыныппен бірлесе отырып тәрбие сағаттарын да өткізіп жүрдік. Мұнда балалар алғашында өзге сыныптың балаларымен үйлесе алмады.

Ұйымдастырылған ертеңгіліктерге, мектепшілік іс-шараларға жиі қатысқан соң, балалар өздерін көпшілік ортада еркін сезіне бастады. Мектепшілік мерекелер болғанда тәрбиеленушілерді мерекелік концертке алып баратын болдық, мұнда балалар қоғамдық ортада өздерін мәдениетті ұстауға тырысты.



Осылайша күн ұзатпай мектепке саяхат жасауды жалғастырдық. Әр барған сайын балалар өздеріне түрлі жаналықтар ашты. Көптеген мұғалімдермен, жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынас жасап, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсетуді түйсіне бастады. Ұстаздармен сыпайы сөйлесіп, амандасып және дәлізде, баспалдақта жол беріп жүрді. Бұл әрекеттерін балабақшаға келгенде өздерінен кіші топтағы тәрбиеленушілерге айтып, ескертіп, еске салып, түзетіп отырды. Нысанадағы үш тәрбиеленуші балабақшадан алған білім-тәрбиені қоғамдық орынның бірі – мектепте қолдана алды. Бұл дегеніңіз балабақшадағы дағдыларды болашақта өз өмірлерінде де қолдана алады деген сөз.

Және алға қойған мақсатымызға жету үшін, айтып кеткендей, ата-ана да атсалысуы өте қажет. Балабақшада, мектепте алған білім мен тәрбие балаға жеткіліксіз. Жақсы қасиеттерді жанына дарытуда жанұяның маңызы бөлек. Ортақ мақсатқа балалармен, ата-аналармен, ұстаздармен бірлесіп еңбек еткенде ғана жетуге болады. Балаға қуаныш пен бақыт сыйлап, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азаматтың жеке тұлғалық көзқарасының қалыптасуына ықпал етері сөзсіз.

Біздің қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл-қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі – ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат!



WWW.RC-DU.KZ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РММ
АСТАНА ҚАЛАСЫ, VIP-ҚАЛАШЫҒЫ, 3
ТЕЛ. 29 68 29, E-MAIL: RCDD_INFO@MAIL.RU

